

Жазғы мектепке 2 «А» сыныбынан 2 оқушы Қасым Даяна, Сагадиева Ясмин және 3 «А» сыныбынан 2 оқушы Шамухан Ахметәлі мен Шамухан Сұлтанәлі ата-аналарының өтініштері бойынша қатысып жүр. 2 «А» сынып оқушылары математика пәнінен «Көбейту мен бөлу», «Жай және құрама есептер», «Тіктөртбұрыштың, шаршының, үшбұрыштың периметрін табу формуласы» және қазақ тілі пәнінен «Түбір мен қосымша», «Антоним, омоним, синоним», «Хабарлы, сұраулы, лепті сөйлем» сияқты тақырыптарды қайталау үшін тапсырмалар беріліп отырды.

3 «А» сынып оқушылары математика пәнінен «Жазбаша көбейту және бөлу алгоритмін қолдану», «Құрама есептер», «Екі жиынның бірігуі және қиылысуы» және қазақ тілі пәнінен «Мәтін түрлері», «Түбір мен қосымша», «Зат есімнің тәуелденуі» сияқты тақырыптарға сай тапсырмаларды орындап отырды. Берілген тапсырмалар балалардың қызығушылығын арттыру үшін кестелер, семантикалық карталар, жалғасын тап, wordwall сияқты формаларда орындалып жүрді.

